



ABAI: Adamzattyń b́arın śı baýyrym dep.

Аймақтық қоғамдық-саяси газет

Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады

BALQASH ÓNIRI

balqash_oniri_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№93 (13370), 13 ЖЕЛТОҚСАН, ЖҰМА 2024 ЖЫЛ

Жаралған намыстан қаһарман халықпыз, Азаттық жолында жалындап жаныппыз...

Қадірлі Балқаш қаласының халқы мен қала қонақтары!

Баршаңызды қастерлі мереке – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік күні – ғасырлар бойы азаттық аңсаған халқымыздың өшкені жанып, асқақ арманы орындалған күн. Тәуелсіздікке ұмтылыс көптеген кедергі мен күреске толы болғаны баршаға аян. Осы ауыр жолда тағдырдың талай сынағына төтеп беріп, бостандық үшін күреске бар ғұмырын арнаған боздақтардың жанкешті еңбегі мен ерен ерлігін еске алатын қастерлі мереке.

Тарихтан алар тәлім мол. Біз өткенімізге құрметпен қарап, болашағымызға сеніммен көз жүгірткен халықпыз. Әлемдік қауымдастықтың ажырамас бөлішегі ретінде тәуелсіз ел атану тек биік мәртебе ғана емес, сонымен қатар орасан зор жауапкершілік жүгін артатындығын біз жақсы түсінеміз.

Тәуелсіздіктің арқасында қоғамдық-саяси өмірде, экономикада түбегейлі реформалар жасалды.

Бүгінгі таңда қала экономикасының қай саласын алсақ та, халықтың бойынан ертеңге деген ұмтылыс, еңбекке деген құлшынысты көреміз. Қолымыз жеткен жетістіктердің бәрі азаттық пен еркіндіктің арқасында, ұлттық мемлекетіміздің қолдауына сүйене отырып, еткен еңбегіміз бен барлық тетіктердің айқын да үйлесімді жұмыстарының нәтижесі деп білеміз. Осы игілікті істерге баршамыздың қосқан үлесіміз бар екеніне қуаныштымыз.

Тәуелсіздік – кешегі бабалар ерлігінің рухын алған, ертеңгі ұрпағына жол салған замандастарымыз – сіздердің есепі еңбектеріңіздің жемісі.

Қымбатты жерлестер!

Баршаңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық, берекелі бірлік пен баянды тірлік тілейміз!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы, мәңгілік еліміздің келбеті сәнді, еңбегіміз жемісті болсын!

Сапар САТАЕВ,
Балқаш қаласының әкімі.
Ахат МҮСЛІМОВ,
қалалық мәслихат төрағасы.



Нұрдос МАРАТҰЛЫ,
«BALQASH ÓNIRI»

Желтоқсан – азаттықтың қарлығашы

ТӘУ ЕТЕР ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕНІМІЗГЕ 33 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. 70 ЖЫЛ САНАНЫ УЛАҒАН КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ СОЛАҚАЙ САЯСАТЫНЫҢ КҮЛПАРШАСЫН ШЫҒАРҒАН ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА БИЫЛ 38 ЖЫЛ.

Осынау қанды жол, ауыр күндермен келген Тәуелсіздігімізге жұрттың жүрегі желтоқсан айы туғанда қан жылайды. Қаралы күнді кейбіреу мерекеге айналдырғанда аспан айналып жерге түскендей күй кешеді. Өйткені, 1986 жыл дәл осы 16-шы желтоқсанда жүрегі қазақ деп соққан қаншама жастардың қаны мен көз жасы төгіліп, Сәкен ақынша айтсақ «Тар жол, тайғақ кешкеніне» көз жеткіземіз. Қорлыққа көнгісі келмеген, төзімі таусылған қазақтың шыдамы шегіне жетіп, іштегі наразылық запыранының атылып

сыртқа тепкен күн. Желтоқсан оқиғасы – тәуелсіздіктің қастерлі құндылығын айғақтаған кезең. Осынау орны ерек оқиға ел жадынан өшпек емес. Ел егемендігі жолында ерліктерімен есте қалған желтоқсаншы жастарға арналған құрмет көбеймесе, азаймау керек. Себебі, желтоқсан – азаттықтың қарлығашы, тәуелсіздіктің басы.

Желтоқсанның алауын мұзда жаққан жастарға Алаш елі қарыздар. Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен қанды желтоқсан оқиғасына қатысушылардың ерліктері уақыт өткен сайын жадымызда жаңғыруы тиіс. Осынау азаттықтың арқасында Тәуелсіз Қазақстанның шекарасы сызылып, мәдениет пен тарихтың айнасы болатын, ұлттық сананы оятуға қызмет ететін және еліміздің қайталанбас мазмұнын баян ететін мемлекеттік рәміздер бекітілді. Ұлттың рухын көтеретін, ұрпақтың мерейін өсіретін Тәуелсіздік – мемлекетіміздің



алтын дінгегі, дербестігіміздің берік негізіне айналды. Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес егемендігіміз ең қымбат қазынамыз, ең асыл аманатымыз. Ендеше, аманатқа адал болып, Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау қазақ халқының құзырында.

Қазақияның азаттығы баянды болғай!

ONIR-AQPARAT

Тәрбие – сапалы білімнің тұғыры

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ҰЛТТЫҚ, АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН. БҰЛ ҚҰЖАТТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ТОЛЫҚҚАНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛУЫ ТИІС ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ТӘРБИЕНІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ АЙҚЫНДАЛАДЫ. ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОЙЫНА СІҢІРГЕН, ӘЛЕМДІК ОЗЫҚ БІЛІМДІ ИГЕРГЕН САНАЛЫ АЗАМАТТЫ ТӘРБИЕЛЕУ МАҚСАТЫ КӨЗДЕЛЕДІ.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды.

Бала мен ата-ана тығыз байланыста болуы қажет. Сонда біздің өскелең ұрпағымызды одан ары да дамыта бастаймын. Ата-ана балаға санасына құйып отыру керек деген ойдамын. Мен өзім балабақша ортасында жұмыс жасап жатқандықтан, балаларға күнделікті айтып отырамын. Әр өткізген ұйымдастырылған іс-әрекетімде балаларға қандай тақырыпта өткізген болсам да айтып білімді жетілдіріп отыруды жөн көремін. Мысалы: ҰІӨ-дегі тақырыбымда балалардың санасында қалсын деп, мейірімді, адал, бір-бірлеріңе қамқор



болуды, баланың жүрегіне ұлттық сана-сезімді ұялату керек екендігін айтып, санасына құйып оыруды әдетке айналдырдым. Сондықтан мен өз мақсатыма жетемін, әрі балаларды тәрбиелеймін.

«Қуаныш» ересек тобындағы балаларды киіз үймен таныстырған болатынмын. Макетін көрсету арқылы қазақтың киіз үйі туралы түсіндірдім. Киіз үйдің құрал-жабдықтарымен таныстырып, қазақ халқының салт-дәстүрін байланыстыра отырып, киіз үй туралы мол мағлұмат бердім. Ағаштан жасалған ойыншық киіз үйдің бөліктерін балалардың алдына қойдым, құрылысын көрсете отырып түсіндірдім. Мұнда балалардың логикасы мен ойлау қабілеттері қамтылды. Сонымен балалармен бірге киіз үйдің

құрылымын құрастырдық. Әр бір қаңқасын жасау арқылы мен балаларға киелі зат екенін айтып түсіндірдім.

Айта кетейік, барлық өңірде білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажеттілігін атап, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұла бойына шоғырланған жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында қатысушыларға тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен тиімділігін арттырудың жолдары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Айғаным БАЙДАУЛЕТ,
«Күншуақ» балабақшасы»
КМҚК тәрбиешісі.

Қысқы демалыс
он күнге созылады

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2024 ЖЫЛҒЫ 10 ЖЕЛТОҚСАНДА ОҚУШЫЛАР ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫСТА ҚАНША КҮН ДЕМАЛАТЫНЫН АЙТЫП БЕРДІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.

Ведомство еліміздің мектептерінде екінші тоқсанның аяқталуы жақындағанын еске салды.

«Қазақстандық мектептердегі қысқы демалыс 10 күнтізбелік күнге созылады – 2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда», – деп мәлімдеді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Министрліктің мәліметінше, қысқы каникул кезеңінде оқушыларды тиімді және қауіпсіз өткізу және жеке тұлғалық дамыту үшін «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында іс-шаралар жоспары әзірленген. Мектептегі іс-шаралар жоспарларына білім беру, спорттық, мәдени және шығармашылық іс-шаралар кіреді:

- «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру аясында – «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» мектепшілік іс-шарасы;
- театр фестивальдері мен қойылымдары;
- жаңа жылдық әшекейлер жасау бойынша мастер-класстар;
- қауіпсіздік сабақтары;
- мұражайларға, ғылыми орталықтарға және тарихи ескерткіштерге танымдық экскурсиялар;
- спорттық ойындар, коньки тебу, шаңғы тебу;
- қайырымдылық акциялары және басқалар.

«Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты басымдықтардың бірі болып қала береді. Осыған байланысты балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, мектептердегі ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, көшедегі қауіпсіздік шараларына, үйдің өрт қауіпсіздігі мен киберқауіпсіздікке ерекше назар аударылады», – деді ҚР Білім министрлігінің баспасөз қызметі.

Ведомство бұл іс-шаралар әдістемелік ұсынымдар ретінде білім беру ұйымдарына жіберілетінін атап өтті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Copper KZ-CA» ЖШС «Борлы кен орнын жою жоспарын түзету» жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecoportal.kz>.

2024 жылғы 24 желтоқсаннан бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталдың сайтында "Жарияланған жария талқылаулар" бөлімінде жария талқылаулар өтеді және ескертулер мен ұсыныстар қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы: «Copper KZ-CA» ЖШС.

Жобаны әзірлеуші: ИП Ибраева А.Ж., тел. 87026203505.

Қосымша ақпарат электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: ibrayeva71@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Copper KZ-CA» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Корректировка Плана ликвидации месторождения Борлы».

С проектной документацией можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

С 24 декабря 2024 года в течение 10 рабочих дней на сайте Единого экологического портала в разделе «Опубликованные публичные обсуждения» состоятся публичные обсуждения и будут приниматься замечания и предложения. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор: ТОО «Copper KZ-CA». Разработчик проекта: ИП «Ибраева А.Ж.», тел. 87026203505.

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу – ibrayeva71@mail.ru.